



Жатақхананың әрбір қабаты жанаспайтын шашыратқыш диспенсерлермен немесе оларды құюға арналған дезинфекциялық ерітіндісі бар санитайзерлермен жабдықталады.

Жатақханаларда қашықтықтан оқыту үшін жағдай (тұрмыстық жағдайлармен, компьютермен, интернетпен қамтамасыз ету) жасалады.

Қашықтықтан оқыту форматында оқу кезінде жатақханаларда тұратын білім алушылар азық-түлік дүкендері мен дәріханаларда қажетті заттарын сатып алу үшін шығуды қоспағанда, тұрақты тұратын орындарына немесе өзге де орындарға шықпайды.

Білім алушылар қашықтықтан оқыту режимінде жатақханадан уақытша шыққан кезде жатақханадан шығу уақытын, қайтып келу уақытын және ол жіберілетін орынды көрсете отырып, білім беру ұйымын жазбаша, оның ішінде электрондық байланыс арқылы хабардар етеді.

Білім беру ұйымы кәметке толмаған білім алушының жатақханадан шығуы туралы ата-аналарға (заңды өкілдеріне) хабарлайды.

Білім беру ұйымдары жатақханадан шыққаннан кейін қайтып келген білім алушының денсаулық жағдайына қайтып келген күннен бастап 14 күнтізбелік күн ішінде мониторинг жүргізеді.

Жатақханада тұруға қалған білім алушыларға қатысты дене температурасын күнделікті өлшеуді ұйымдастыру ұсынылады. Қажет болған жағдайда білім алушыларды медициналық термометрлермен қамтамасыз ету керек.

Жатақханаларда келесі эпидемияға қарсы іс-шаралар жүргізіледі:

- 1) білім алушылардың бірге тамақтануына жол берілмейді;
- 2) дәретханаларда, қолжуғыштарда, жуыну және тұрмыстық бөлмелерде дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып, үнемі ылғалды жинау жүргізіледі;
- 3) жалпы пайдалану орындары қол жууға арналған құралдармен және антисептиктермен қамтамасыз етіледі;
- 4) тазалаудың жиілігі мен сапасы артады (тұтқаларды, басқа беттерді қосымша өңдеу);
- 5) білім алушылардың жатақханадан кіруі және шығуы журналда тіркеледі;
- 6) жатақханада тұруға қалған білім алушылардың дене қызуының көтерілуі немесе жіті респираторлық вирустық инфекцияның (бұдан әрі – ЖРВИ) өзге де белгілері жағдайлары журналда тіркеледі;
- 7) тәуекел топтарын ескере отырып, созылмалы аурулары бар студенттерге ерекше бақылау қамтамасыз етіледі.

*Білім алушылар:*

- 1) өз бөлмелерінде болуға және жатақханадағы басқа бөлмелерге баруды барынша шектеуге;
- 2) азық-түлік дүкендері мен дәріханаларда сатып алу үшін шығуды қоспағанда, қоғамдық орындарға барудан бас тартуға, жатақхана аумағынан шығуды шектеуге;
- 3) жатақхана аумағынан тыс жерде болу уақытын азайтуға;
- 4) қоғамдық орындарда масканы (респираторды) пайдалануға;
- 5) ЖРВИ-дің көрінетін белгілері (жөтел, түшкіру, мұрыннан ағу) бар адамдармен жақын байланыста болудан және бір бөлмеде болудан аулақ болуға;
- 6) көшеден оралғаннан кейін, бөтен адамдармен байланысқаннан кейін қолды сабынмен және сумен мұқият жууға;

7) қолданылатын гаджеттерді, оргтехниканы және басқа да беттерді дезинфекциялауға;

8) жеке гигиена заттарын (сүлгі, тіс щеткасы, ыдыс және басқа) ғана пайдалануға;

9) санитарлық тәртіп пен жауапкершілікті арттыруға жәрдемдесуге;

10) өздері тұратын бөлмелерді үнемі санитарлық тазартуды жүргізуге тиіс.

11) Жатақханада тұратын студенттердің дүкендер мен дәріханаларға шығу уақыт кестесі:

- 1 курс студенттері үшін сағат 17.00 - 18.30;

- 2 курс студенттері үшін таңертең сабақтан бос уақытта 10.00 – 11.30, екінші ауысым 17.00 – 18.30;

- 3 курс студенттері үшін 17.00 – 18.30-ға дейін.